



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

# BRAND GUIDELINE

NAZARBAYEV UNIVERSITY БРЕНДІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

JULY 2021

# БҰЛ НЕ?

Сіздің қолыңызда Brand Guideline Nazarbayev University-дің 2021 жылғы шілде айындағы басылымы. Бұл кітапта Сіз Nazarbayev University және оның еншілес ұйымдарының брендін дұрыс пайдалану туралы түсіндірмелерді таба аласыз.

# Мазмұны

## Nazarbayev University брендінің сипаттамасы.....4

1.1. Брендтің коммуникациялық стандарттары, брендтің «жарнамалық» негізгі қағидаттары .....	5
1.2. Өндіріс алдында Nazarbayev University брендіні пайдалана отырып, материалдарды ресімдеуді бекіту стандарттары .....	7
1.3. Брендтердің құрылымы (негізгі және еншілес брендтер).....	10
1.4. 5W (What, Who, Where, When, Why) маркетинг моделі бойынша брендтің платформасы .....	12
1.6. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының тауар белгілері мен атауын пайдалану қағидалары .....	17
1.7. Зияткерлік меншік құқығы .....	20

## Nazarbayev University бренд элементтері 21

2.1. Университет атауын пайдалану ережелері .....	22
2.2. Nazarbayev University логотипі.....	24
2.2.1. Логотиптің ең кіші өлшемі .....	29
2.3. Корпоративтік түс.....	30
2.4.1. Қосымша түстер.....	32
2.4.2. Негізгі түстерді қосымша түстердің үстіне салу ережелері .....	33
2.4.3. Логотиптің қосымша түстеріндегі ұсынылған түс нұсқалары.....	34
2.4.4. Үйлесімді түстердің ұсынылған топтары .....	35
2.4.5. Монохромды нұсқа .....	36

2.5. Әртүрлі өндіріс әдістерімен фирмалық және қосымша түстерді пайдалану ережелері.....	37
2.5.1. Әртүрлі беттерде (тасығыштарда) брендті пайдалану ережелері.....	39
2.6. Логотипті орналастыру ережелері.....	40
2.7. Корпоративтік қаріп.....	41
2.8. Кобрендинг. Бірнеше логотиптерді бір-біріне жақын орналастыру.....	42
2.9. НУ фотостилі.....	44
2.10. Логотиптерді дұрыс қолданбау .....	46

## Nazarbayev University ұйымдарының брендтері..... 50

3.1. Nazarbayev University еншілес ұйымдары брендтерінің құрылымы.....	52
3.1. Логотипті орналастыру ережелері.....	53
3.1.1. Логотиптің ең кіші өлшемі .....	54
3.1.2. НУ еншілес ұйымдарының логотиптері.....	55
3.2. Nazarbayev University мектептері гербінің құрылымы .....	56
3.3. Университет мектептері гербінің түсті гаммасы .....	58
3.4. Университет мектептерінің гербі бар тулары .....	66

## Іскерлік баспа өнімі ..... 67

4.1. Визитка.....	68
4.2. Корпоративтік бланк.....	70

# Nazarbayev University брендінің сипаттамасы

A large, stylized number '01' in a gold color, positioned on the right side of the page. The '0' is a thick, rounded shape, and the '1' is a simple vertical bar with a small top and bottom flange.

# 1.1. Брендтің коммуникациялық стандарттары, брендтің «жарнамалық» негізгі қағидаттары

---

## **Nazarbayev University корпоративтік бренді (corporate brand) –**

бұл адамдардың (ішкі және сыртқы орта өкілдерінің) санасында қалыптасатын компанияға қатысты уәде, негізгі идея, бедел мен үміт. Бұл қуатты, алайда материалдық емес эмоциялық байланыстарды тудыратын актив.

**Бренд** – сату мен маркетингтің негізгі тірегі. Брендінгің дұрыс стратегиясы мен оның даралығы компания туралы хабардар болуды, оған деген бейілділікті арттырады.

# 1.1. Брендтің коммуникациялық стандарттары, брендтің «жарнамалық» негізгі қағидаттары

## **Брендтің даралығы (brand identity) –**

бұл брендтің вербалды емес (логотип, фирмалық белгі және визуалды коммуникациялардың стилистикасы) және вербалды (атауы және коммуникациялардың үндестігі) түрі. Даралық брендті қолдайды, көрсетеді, жеткізеді және жинақтайды. Коммуникациялардың ең қысқа және жылдам нысаны. Ерекше даралық брендтің мәні мен маңызы (брендтің мәні) туралы әрдайым еске салады, сондай-ақ брендтің танымал болуына ықпалын тигізетін әр алуан байланыстарды туындатады.

Брендтің даралығы келесі атрибуттарға ие болуы тиіс:

- есте жақсы сақталу және өзектілік;
- лезде танылу;
- компания бейнесінің айқындығы мен бірізділігі;
- компания тұлғасын тартымды көрсету;
- заңды түрде қорғалу;
- ұзақ мерзімді құндылық;
- хабар тарату.

Назарбаев Университеті (бұдан әрі – Университет) болашақта өз қызметімен ел экономикасын көтеретін жоғары деңгейдегі мамандарды даярлауға бағдарланған Қазақстанның жетекші жоғары оқу орны болып табалады.

Назарбаев Университетінің логотипі Назарбаев Университетінің брендін қолдайтын бірыңғай біріздендіруші элемент болып табылады. Брендтің бірегейлігі (сөздер мен визуалды элементтер арқылы) Назарбаев Университетінің мәнін айқындайды және оны бәсекелестерден ерекшелейтін, ішкі сондай-ақ сыртқы аудиторияның әртүрлі өкілдерімен байланыстыратын сенімді нысанда ұсынады.

Назарбаев Университеті мақұлдаған бірқатар логотиптер бар, мысалы, co-branding жолымен жасалған еншілес ұйымдардың логотиптері. Бұл логотиптер co-branding ережелерін есепке ала отырып, Назарбаев Университеті логотипінің жанында орналасуы тиіс.

Брендтің Басты Ақпараты логотипті барлық жарнамалық және маркетингтік материалдарда әрдайым пайдалануға байланысты болады.

Осы құжатта практикалық мысалдарды қоса алғанда, Назарбаев Университетінің логотипін пайдалану бойынша нұсқаулар қамтылған.

## 1.2. Өндіріс алдында Nazarbayev University брендин пайдалана отырып, материалдарды ресімдеуді бекіту стандарттары

---


Брендті және фирмалық стиль элементтерін пайдаланудың барлық қағидаттары мен стандарттары осы құжатта – Nazarbayev University Brand Guideline сипатталған, ол 4 тараудан тұрады. Тараулар пайдалану ережелері және мысалдар түрінде берілген.

Егер Сіз осы құжаттан іздегеніңізді таба алмасаңыз немесе міндеттерді шешу кезінде қиындыққа тап болсаңыз, Назарбаев Университетінің Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаментіне жүгінуіңіз қажет.

**Өндіріс алдында электронды макетті бекіту бизнес процесінің схемасы.**

Өнімді және имидждік-жарнамалық өнімді брендтеу қағидаттарын сақтауды бақылау мақсатында **БАРЛЫҚ** электронды макеттер Назарбаев Университетінің Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаментіне (бұдан әрі – МБЖЖД) бекітуге ұсынылуы қажет.

Егер МБЖЖД уәкілетті қызметкері макет бойынша түсіндірме немесе түзетулер берсе, түзетілген макет түзетулер енгізілгеннен кейін бекітілуге жатады.



**МАҢЫЗДЫ!**

Макет өндіріске МБЖЖД бекіткеннен кейін жіберіледі

## Маркетингтік құрам

1. Атауы
  - Тапсырыстың атауы
  - Өлшенетін сипаттамалары (мөлшері, өндіру үлгісі, материалдар)
2. Тапсырыс туралы қысқаша ақпарат:
  - Тарату мақсаты
  - Хабардың мәні
  - Іс-шаралар немесе олар таратылатын алаң (мысалы, сайт, баннер және т.б.)
  - Тағы да басқалар
3. Нысаналы аудитория:
  - Алушы туралы қысқаша ақпарат (жұмыс үлгісі, элеуметтік дәрежесі және т.б.)

## Дизайн

4. Атауы
  - Дайын өнімнің «кіріспе бөлігінде» мәтіндік қандай мазмұн болуы тиіс?
5. Логотиптер
  - Қандай логотиптер болуы тиіс?
6. Мәтін
  - Мәтін түпкілікті түрде қажетті бөліп көрсетулерді, сандарын белгілеуді және өзге де мағыналық форматтауды ресімдей отырып word-форматта беріледі
7. Дизайнның стилі
  - Бейнелеудің графикалық элементтерінің, түс гаммаларының немесе дизайн стилінің бағдары болып табылатын файлдарды, үлгілерді қоса ұсыныңыз
8. Фотоматериал
  - Файлдарды қоса ұсыныңыз немесе өзіңіздің макетіңіздің безендірілуін қалай «елестетінізді» сипаттаңыз
8. Тілдер
  - Тілдерді және олардың дәйектілігін немесе қосарланған түрін немесе тең мағыналылық қағидатын көрсетіңіз
9. Қосымша ақпарат
  - Дизайн объектісіне қосымша тілектер
10. Орындалу мерзімі

## Нақты ақпарат

11. Байланысқа шығатын тұлға және оның лауазымы:
  - Жауапты тұлға, e-mail үшін байланыс парағы



Есіңізде болсын, бриф құжат ретінде қызмет етеді, оның негізінде техникалық тапсырма жасалады.

Сізден жауаптарыңызды барынша ашып көрсетуіңізді, сондай-ақ қажет болған жағдайда нақтылау жасауыңызды сұраймыз.

## 1.3. Брендтердің құрылымы (негіздік және еншілес брендтер)

### Негізгі бренд

«Назарбаев Университеті» ДБҰ негізгі брендінде логотиптің екі нұсқасы бар: негізгі (тік) және қосымша (көлденең).

### Тік нұсқа



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

### Көлденең нұсқа



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

### Университет логотиптерінің файлдары

Логотип әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды:

#### Векторлық формат

.ai .eps

#### Растрлық формат


JPG немесе PNG

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады:

 [NU / Files / Logo](#)

# 1.3. Брендтердің құрылымы (негіздік және еншілес брендтер)

## Еншілес брендтердің логотиптері



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**  
«Назарбаев Университеті» ДБҰ еншілес брендтері бар, бірақ кейбір брендтердің ерекшеленген заңды мәртебесі жоқ.

## 1.4. 5W маркетинг моделі бойынша брендтің платформасы (What, Who, Where, When, Why)

---

### Nazarbayev University бренд-платформасы

Брендтің кез келген білім беру мекемесіне беретін артықшылығы айдан анық: бренд – бұл болашаққа инвестиция, бренд тұтынушының ЖОО-ны таңдау рәсімін оңайлатады; бәсекелестер арасында ЖОО-ны бөліп көрсетеді; тұтынушыға ұсынылатын қызметтің сапасына кепілдік береді, сенімділікті қалыптастырады.

Халықаралық серіктестердің күшті брендтік қатысуы бар жаңа университет құру идеясы Ел Президентіне тиесілі. Сондықтан Назарбаев Университеті қазірдің өзінде брендке айналып келе жатқанына ешқандай күмән жоқ, өйткені мұндай айқын стратегиялық міндет әуел бастан қойылған болатын. Ал осындай міндет бар болса – брендті, оның бренд платформасын және осы позицияны анықтайтын ұранды алға жылжыту қажет. Осы бренд платформасы университет қызметінің алғашқы онжылдығынан кейін Назарбаев Университетінің одан әрі өркендеуі үшін жасалған.

Бренд-платформа екі факторға – өнімнің өзін және оның нысаналы аудиториясын айқын зерделеуге байланысты болады.

Осы зерделеудің негізінде миссия, құндылықтар туындайды, басымдылықтар айқындалады, брендтің нарықтағы орны, оның ұраны белгіленеді, одан арғы маркетингтік коммуникациялар жасалады. Университеттің және оның білім беру моделін құру бойынша бастапқы ақпаратты жүйелей отырып (БАҚ-ты, Интернетті контент-талдау), келесі көріністі аламыз (5W моделі бойынша).

## 1.4. 5W маркетинг моделі бойынша брендтің платформасы (What, Who, Where, When, Why)

---

### HE

#### Түпкіліті өнім – Университет

- Халықаралық форматтағы академиялық бағдарламалар
- Шетелдік оқытушылар
- Ғылыми зертханалар және зерттеу орталықтары
- Дамыған инфрақұрылым, университет кампусы

#### Университет қызметі – түпкілікті өнім

- Компаниялар мен мемлекеттік органдар үшін кәсіби және бәсекеге қабілетті кадрлар
- Жоғары импакт-факторы бар ғылыми зерттеулер мен жарияланымдар
- Инженерия, АТ және басқа да ғылым салаларындағы инновациялық жобалар

### KIM

#### ҚР, ТМД, ASEAN (болашақта алыс шетелдердің) ең талантты студенттері

- Мамандандырылған мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың, мектептердің түлектері
- Шет тілдерін, атап айтқанда ағылшын тілін жетік білетіндер
- Ойлау қабілеті ерекше, ақыл-ойы кең, парасатты студенттер
- Көшбасшылық қасиеттері бар білім алушылар
- Көзқарасы қалыптасқан, догмалық сенімі жоқ адамдар
- Өршіл, ынталы, нәтижеге бағдарланған түлектер

#### ҚР және шет елдердің компаниялары мен ұйымдары

- Мемлекеттік қызметшілер
- Бизнесмендер
- Ғылыми қызметкерлер
- Басқарушы лауазымдағы адамдар
- Халықаралық ұйымдар
- Мектептер мен университеттердің оқытушылары мен қызметкерлері

## 1.4. 5W маркетинг моделі бойынша брендтің платформасы (What, Who, Where, When, Why)

ҚАЙДА	ҚАЛАЙ	НЕГЕ
<p><b>Білім беру</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Назарбаев Университетінің кампусы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы.</li> </ul> <p><b>Брендинг</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>ҚР өңірлері</li> <li>ТМД елдері</li> <li>ASEAN елдері</li> <li>Одан әрі кеңею (алыс шетелдер)</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Әлемнің ең беделді ЖОО-ларымен брендтік альянстар құру</li> <li>Университеттің заманауи технологиялық инфрақұрылымын құру</li> <li>Маманданудың әрі бағыты үшін практикалық, өндірістік, индустриалды алаңдар құру</li> <li>Таңдаулы отандық және шетелдік кадрлардың, ОПҚ, зерттеушілер мен нарық сарапшыларының стратегиялық пулы арқылы жаһандық коммуникациялық алаң құру</li> <li>Шетелдік университеттермен екіжақты қатынастар құру және дамыту, сондай-ақ студенттермен алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру</li> <li>Халықаралық білім беру көрмелеріне қатысу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Елден шықпай-ақ батыс сапасындағы білім алу</li> <li>Сұраныстағы диплом</li> <li>Әлемнің топ ЖОО-ларымен стратегиялық серіктестік құру</li> <li>Халықаралық стандарттар бойынша жасалған оқу жоспары</li> <li>Әлемнің 50-ден астам елінен келген шетелдік оқытушылар</li> <li>Білім беру тілі – ағылшын тілі</li> <li>Меншікті қауіпсіз кампус және дамыған инфрақұрылым</li> <li>Жұмысқа орналасудың жоғары дәрежесі</li> <li>Қызықты студенттік өмір</li> <li>Білім беруге арналған гранттар</li> </ul>

# Пайымдауы

Қазақстанның және әлемнің дамуы мен өркендеуі үшін қажетті ғалымдар мен мамандарды, басшылар мен кәсіпкерлерді даярлау.

# Миссиясы

Қазақстанның жоғары білім беру және ғылым жүйесінде реформалар жүргізудің моделі болу және Астананың инновациялар мен білімнің халықаралық орталығы ретінде қалыптасуына үлес қосу.

## 1.6. «Назарбаев Университет» дербес білім беру ұйымының тауар белгілері мен атауын пайдалану қағидалары

---

### Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының тауар белгілері мен атауын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлардың шыққан жерлерінің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілеріне сәйкес әзірленген.
2. Қағидалар «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – Университет) құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде Университеттің мектептері мен ұйымдарының тауар белгілері мен атауын пайдалануды айқындайды.
3. Университет осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген тауар белгілерінің құқық иеленушісі болып табылады.
4. Мектептердің жеке графикалық атауларын және ұйымдардың тауарлық белгілерін/логотиптерін (бұдан әрі – логотиптер) Университет басшылығы бекітеді. Жеке графикалық атаулар мен логотиптердің техникалық сипаттамасы және оларды пайдалану нұсқалары осы Қағидалардың 3-қосымшасында ұсынылған университеттік брендбукте егжей-тегжейлі жазылған. Университеттің мектептері мен ұйымдары өз жұмысында осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген жеке графикалық атаулар мен логотиптерді пайдаланады.
5. Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаменті Университеттің тауар белгілері мен атауын пайдалануға жауапты болып табылады.

## 1.6. «Назарбаев Университет» дербес білім беру ұйымының тауар белгілері мен атауын пайдалану қағидалары

---

### Университеттің тауар белгілері мен атауын пайдалану тәртібі

6. Мектептер мен ұйымдардың Университеттің тауар белгілерін пайдалануы Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаментімен жұмыс тәртібімен келісуді, оның ішінде, келесі мақсаттар:

- Университеттік іс-шаралар;
- Университеттен тыс өткізілетін іс-шаралар;
- Университеттен тыс ақпараттық материалдар мен көрнекі-имидждік объектілер, сондай-ақ сыртқы тұлғалар үшін дистрибуция және/немесе презентациялар;
- Университеттің, оның құрылымдық бөлімшелері мен ұйымдарының порталы мен веб-сайттары үшін келісуді талап етеді.

7. Тауар белгісін эмблема түрінде пайдалану Назарбаев Университеті Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаментінің келісімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

8. Университеттің тауар белгілері мен атауын коммерциялық мақсатта пайдалану жағдайлары, сондай-ақ зияткерлік меншік мәселелерін қозғайтын жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

## 1.6. «Назарбаев Университет» дербес білім беру ұйымының тауар белгілері мен атауын пайдалану қағидалары

### Мектептердің жеке графикалық атауларын және Университет ұйымдарының логотиптерін пайдалану тәртібі

9. Мектептер мен ұйымдардың Университеттің тауар белгілерін пайдалануы тек қана Nazarbayev University логотипімен мүмкін болады, Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаментімен жұмыс тәртібімен келісу, оның ішінде, келесі мақсаттар:

- бұқаралық ақпарат құралдарын және сыртқы қатысушыларды тартпай Университет аумағында жүргізілетін Университеттік іс-шаралар;
- ішкі хат алмасуларда, сондай-ақ Мектептердің бланкілерін пайдалана отырып, сыртқы ұйымдармен хат алмасу;
- Университеттің мектептері мен ұйымдарының веб-сайттары үшін талап етіледі.

10. Мектептердің жеке графикалық атаулары мен Университет ұйымдарының логотиптері Назарбаев Университетінің Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаментінің келісімінсіз мынадай жағдайларда:

- Университеттен тыс өткізілетін іс-шараларда;

- Университеттен тыс, сондай-ақ сыртқы тұлғалар үшін дистрибуцияға және/немесе презентацияға ұсынылатын ақпараттық материалдар мен көрнекі-имидждік объектілерде;
- порталда, сыртқы веб-сайттарда және Университеттің веб-сайтында;
- сыртқы дистрибуцияға шығарылатын тауарлар мен өнімдерде;
- ресми шаблондарды пайдалану жағдайларын қоспағанда, мөрлерде, мөртабандарда және бланкілерде, визит карточкаларында және т.б. қолданылмайды.

11. Университеттің тауар белгілері мен атауын коммерциялық мақсатта пайдалану жағдайлары, сондай-ақ зияткерлік меншік мәселелерін қозғайтын жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

### Қорытынды ережелер

Осы Қағидаларда реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерімен айқындалады және реттеледі.

## 1.7. Зияткерлік меншік құқығы

---

**Аралас белгі «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес ХТҚЖ-ның 41, 42, 44-индекстерінде құм түсті және сұр түсте тіркелген**

**Тауарлардың және/немесе қызметтердің тізбесі:**

**41-сынып** – тәрбие; оқу процесін қамтамасыз ету; ойын-сауық; спорттық және мәдени-ағарту іс-шараларын ұйымдастыру;

**42-сынып** – ғылыми және технологиялық қызметтер және оларға қатысты ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер; өнеркәсіптік талдау және ғылыми зерттеулер жөніндегі қызметтер; компьютерлердің техникалық және бағдарламалық қамтылымын әзірлеу және жетілдіру; заң қызметі;

**44-сынып** – медициналық қызметтер; ветеринарлық қызметтер; адамдар мен жануарларға арналған гигиена және косметика саласындағы қызметтер; ауыл шаруашылығы, бау-бақша және орман шаруашылығы саласындағы қызметтер;

**Түстерді көрсету: құм түсті; сұр**

# Nazarbayev University бренд элементтері



## 2.1. Университет атауын пайдалану ережелері

---

Ресми құжаттарда жарғыға сәйкес мынадай жазу, ресми, заңды тіркелген атау қолданылуы тиіс:

Қазақ тілінде:

**«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы**

Орыс тілінде:

**Автономная организация образования «Назарбаев Университет»**

Ағылшын тілінде:

**Autonomous organization of education “Nazarbayev University”**

Атаулар тырнақшаға алынады, септелмейді және көпше түрде пайдаланылмайды. Екі сөз де әрқашан бас әріппен жазылады.

### **Университет атауының септелуі**

Тырнақшадағы сөздер СЕПТЕЛМЕЙДІ, тек меншік нысаны ғана септеледі, яғни: Автономной организации образования «Назарбаев Университет» «Назарбаев Университеті» Дербес білім беру ұйымына

Меншік нысанын қолданбастан Университет атауын пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ бұл ретте Университеттің атауындағы «Университет» сөзі септеледі, яғни: Назарбаев Университету Назарбаев Университетіне

Сөз тіркестерін пайдалануға қатаң тыйым салынады

«Назарбаевский Университет», «Университет Назарбаева»:

Университеттің толық заңды атауын тырнақшасыз пайдалануға және жоғарыда аталғандардан ерекшеленетін Университет атауының кез келген басқа да бұрмалаушылықтарына жол берілмейді, яғни:

Автономная организация образования Назарбаев Университет

Назарбаев Университеті дербес білім беру ұйымы

Автономной организации образования Назарбаев Университету

## 2.1. Университет атауын пайдалану ережелері

---

### Еншілес ұйымдардың меншік нысандары үш тілде:

Акционерлік қоғам (АҚ)  
Акционерное общество (АО)  
Joint Stock Company (JSC)

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС)  
Товарищество с ограниченной ответственностью (ТОО)  
Limited Liability Partnership (LLP)

Жеке мекеме (ЖМ)  
Частное учреждение (ЧУ)  
Private Institution (PI)

Корпоративтік қор (КҚ)  
Корпоративный фонд (КФ)  
Corporate Fund (CF)

Дербес білім беру ұйымы (ДББҰ)  
Автономная организация образования (АОО)  
Autonomous Organization Of Education (AOE)

## 2.2. Nazarbayev University ЛОГОТИПІ

### Логотип

Логотип (грек сөзі: «logos» және «typos», сөзбе-сөз аудармасы «сөз» және «таңбалар») — атаудың түпнұсқалық қаріптік сызбасымен үйлескен графикалық символ.

Логотиптің графикалық символы ұлттық ою-өрнекті пайдалана отырып, ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың құрметіне аталған университет атауының: Nazarbayev University алғашқы әріптері N және U негізінде құрылды.

Әріптер бір-бірінің үстінде орналасқан, қуыстарды логотиптің әріптерін біртұтас біріктіре отырып, найза мен қошқар мүйізді бейнелейтін ұлттық өрнектің элементтері толтырады.



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

### Университет логотипінің файлдары

Логотип әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды:

#### Векторлық формат

.ai .eps

#### Растрлық формат

JPG немесе PNG

Файлдарды мына папкадан жүктеуге болады:



## 2.2. Nazarbayev University ЛОГОТИПІ

### Логотиптің графикалық символын құрастыру негізі

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің құрметіне аталған Университеттің атауын негізге ала отырып, фирмалық белгінің (логотиптің) жалпы геральдикалық композициясын құрайтын графикалық элементтердің философиялық мазмұнын қалыптастыратын логотипті графикалық құру негіздері айқындалды.

Ұлттық ою-өрнек халық шығармашылығының бір түрі ретінде танылған. Ою-өрнекте ұлттық дүниетанымның іргелі тұжырымдамасы жинақталған. Ең көп таралған және жиі қайталанатын ою-өрнектердің бірі – «Қошқар мүйіз», қойдың мүйізі дегенді білдіреді. «Қошқар мүйізді» ҚР Ұлттық туы мен ҚР Президентінің байрағы үлгісінен көруге болады.

Nazarbayev University брендин құру үшін ұлттық ою-өрнектерді өсімдік тәрізді көрсету стилі пайдаланылды, мұны жапырақ түріндегі символдар және дөңгелек пішініндегі сүйір төбелер айқын көрсетеді (мұнда қараңыз). Өсімдік стилі білім беру орындарын брендтеу үшін өте ыңғайлы.

Өсімдік стиліндегі  
«Қошқар мүйіз»  
ою-өрнегі

Университет атауының  
алғашқы әріптері  
N және U



## 2.2. Nazarbayev University ЛОГОТИПІ

**Nazarbayev University** брендінің логотипі екі бағанға: **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атына және мемлекеттік рәмізде пайдаланылатын, өсімдік стилінде орындалған ұлттық ою-өрнекке негізделген.**

Логотип екі бөліктен: графикалық символдан және бірегей графикалық жазудан тұрады. Екі бөлік ерқашан бір-біріне белгілі бір пропорцияда болады және бір-біріне қатысты тұрақты орналасқан.

Бренд логотипі тауар белгісі ретінде тіркелген.

**Логотиптің тік нұсқасы (негізгі логотип)**

Ағылшын тіліндегі нұсқасы

Графикалық символ



Графикалық жазу

**NAZARBAYEV  
UNIVERSITY**

## 2.2. Nazarbayev University логотипі: тілдік нұсқалар

---

Ағылшын тіліндегі  
нұсқасы



Қазақ тіліндегі нұсқасы




Орыс тіліндегі нұсқасы



## 2.2. Nazarbayev University ЛОГОТИПІ

### Логотиптің графикасын құрастыру



#### МАҢЫЗДЫ!

Осы нұсқаулықты логотиптің «электрондық» нұсқасын пайдалану мүмкін болмаған жағдайда ғана пайдалану ұсынылады

## 2.2.1. Логотиптің ең кіші өлшемі

15-тен 30 мм-ге дейін пайдалану кезіндегі логотипті сызудың\* тік нұсқасы \*\*



30-дан 50 мм-ге дейін пайдалану кезіндегі логотипті сызудың\* көлденең нұсқасы \*\*



\* Тік логотипте 30 мм-ден кем және көлденең пайдалану кезіндегі жазуды сызу нұсқасы

\*\* Логотипті сипатталған мөлшерден кішірейткен кезде жазусыз белгі ғана пайдаланылады

## 2.3. Корпоративтік түс

### Негізгі түстер

Негізгі корпоративтік түстер: Sand Gold және Gray.

Осы нұсқаулықта көрсетілмеген басқа түстерді пайдалануға жол берілмейді.

Мүмкіндігінше Назарбаев Университетінің логотипі негізгі түсте көрсетілуі тиіс: NU Sand Gold (PANTONE PMS 7405 U). Барынша мұқият болып, ерекшелікте бекітілген түстерді дәл және дәйекті түрде қолдану қажет.

Логотип қызғылт сары NU Sand Gold, тұтас қара, NU Gray түстерінен түрлендіріліп, ақ болып көрінуі мүмкін, негізінен бұл фотосуреттер немесе иллюстрацияларға қатысты. Pantone бояуларының көмегімен басып шығару мүмкін емес немесе жарамсыз жағдайларда CMYK түстерін түрлендіру қарастырылған.

Логотип пішімін басқаша өзгертуге жол берілмейді.

**NU Sand Gold**  
PANTONE PMS 7405 U  
CMYK 14 31 74 3  
RGB 221 175 83  
HEX ddaf53

**NU Gray**  
CMYK 57 47 58 45  
RGB 88 87 75  
HEX 58574b

**NU Brown (old)\***  
CMYK 30 60 70 30  
RGB 147 87 57  
HEX 935739

\*Бұл түсі бар ескі нұсқалар жарамды болып қалады, бірақ мұндай түспен жаңа дизайнға рұқсат етілмейді.

## 2.3. Корпоративтік түс

---



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

Бұл ереже логотиптің қосымша нұсқаларына қолданылады.

## 2.4.1. Қосымша түстер

### Қосымша түстер

Бұл түстерді дизайнда қосымша түс ретінде пайдалануға болады.

Тапсырмаға байланысты қолданылатын түстердің саны әртүрлі болуы мүмкін. Негізгі түстер – NU Sand Gold және NU Grey.

GENERIC VIRIDIAN



CMYK 100 0 13 51  
RGB 0 126 109  
HEX 007E6D

BONE



CMYK 0 3 13 10  
RGB 230 222 199  
HEX E6DEC7

OXFORD BLUE



CMYK 74 48 0 79  
RGB 14 28 54  
HEX 0E1C36

ANTIQUÉ RUBY



CMYK 0 80 64 54  
RGB 117 23 42  
HEX 75172A

PURPLE MOUNTAIN  
MAJESTY



CMYK 5 38 0 34  
RGB 160 105 169  
HEX A069A9

PERSIAN ORANGE



CMYK 0 33 66 13  
RGB 222 148 76  
HEX DE944C

BLUE MUNSELL



CMYK 60 12 0 32  
RGB 69 153 173  
HEX 4599AD

PLATINUM



CMYK 0 0 0 8  
RGB 235 235 235  
HEX EBEBEB

## 2.4.2. Негізгі түстерді қосымша түстердің үстіне салу ережелері

---

Негізгі түстер




Қосымша түстер



## 2.4.3. 2.4.3. Қосымша түстердегі логотиптің ұсынылған түс нұсқалары





Ұсынылатын  
үйлесімдер



## 2.4.4. Ұсынылатын үйлесімді топтар

### Негізгі ережелер:

- 1) үйлесімдер тобына негізгі түстердің бірін көрсету ұсынылады
- 2) қосымша түстерді енгізу кезінде фон мен элементтер үшін ең айқын және қаныққан реңк қолданылады, келесі реңктер үнсіз таңдалады
- 3) мәтіндер үшін тек негізгі түстерді ғана емес, ең бастысы – оқылымды сақтау
- 4) түстердің кез-келгеніне Орасcity әсерін қолдануға рұқсат етіледі



## 2.4.5. Монохромды нұсқа

Логотипті көрсетудің қосымша нұсқасы.

Монохромдық басып шығару кезінде қолданылады.

Фирмалық түстерге боялуы мүмкін.

Басқа түстер мен реңктерді пайдалануға тыйым салынады.

Брошюралар, постер және басқа да толық түсті тасымалдаушылар сияқты жарнамалық хабарламада пайдаланылмайды.



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY



### Университет логотипінің файлдары

Логотип әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды:

#### Векторлық формат

.ai .eps

#### Растрлық формат

JPG немесе PNG

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады:

 [NU / Files / Logo](#)

## 2.5. Әртүрлі жасау тәсілдерінде фирмалық және қосымша түстерді пайдалану қағидалары

---

Қосымша түстер маңызды ескертулер, қағидалар сияқты және т.б. түсті блоктарды (кесінділер, құймалар), иллюстрацияларды немесе мәтіндік акценттерді безендіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл фирмалық полиграфиялық өнімнің бірыңғай дизайнын жасауға және акценттерді ерекшелеуге мүмкіндік береді.

Түстерді дұрыс пайдалану біздің коммуникацияларымызды күшейтеді және бірегейлендіреді.

Әрқашан төрт түсті баспада дұрыс түс сипаттамаларын пайдаланыңыз, Түс үлгісіне, PANTONE, CMYK қоспалы бояуларына, RGB құрылғыларына (Интернет, электрондық баспа немесе кез келген басқа өндіріс түрлері) сәйкес түстерге сәйкестікке қол жеткізіңіз.

Қосымша палитрада CMYK-тің 8 түсі бар және түрлі-түсті блоктарды (фреймдерді), иллюстрацияларды немесе мәтіндік акценттерді, мұқабаларды безендіруде электрондық макеттер дизайнында қолданылады. Бұл түстер екпін, иерархия, тереңдік және көрнекі қызығушылықты қалыптастыру үшін негізгі түстерді толықтырады.

Суреттерге қайшы келетін түстерді пайдаланбаңыз. Фотосуретте немесе иллюстрацияда басым түске жақын түс палитрасын таңдаңыз.

Мәтіндік кесіндіні белгілеу үшін түсті пайдалану міндетті емес, бұл ретте сөздерді екі түспен және қалың қаріппен белгілеуге болмайды. Тақырыпшалар түспен белгіленуі мүмкін, бірақ түс жұмыс мәтінінің ішіндегі жолдар немесе блоктар үшін пайдаланылмайды.

## 2.5. Әртүрлі жасау тәсілдерінде фирмалық және қосымша түстерді пайдалану қағидалары

---

### **Дұрыс түсті беру үшін полиграфиялық өндірісте (баспаханада) келесі сәттерді ескеру қажет:**

Сурет салынатын қағаз түрі алынған түске өте қатты әсер етеді. Бояудың сіңу деңгейі қағаздың әртүрлі сорттарының жарықтығымен және түсімен қатар, түстің қалай көрінетініне ықпал етеді.

Қағаз екі негізгі санатқа бөлінеді: жылтыр қағаз (coated) – көбінесе журналдар, буклеттер, плакаттар; және жылтыр емес қағаз (uncoated) – қарапайым кеңсе қағазы (немесе офсеттік), дизайнерлік, крафт қағаз. Ең жақсы түс беретін жылтыр қағаз. Жылтыр емес қағаздың бояуды сіңіру қабілеті жоғары болады, соның есебінен түсі өзгереді, күңгірттенеді, сұрланады және т.б.

Тәуліктің әртүрлі уақытында, сондай-ақ жасанды жарықтандыруға (жарық температурасы – жылы, суық) байланысты баспа бояуының пигменттері мүлдем басқаша көрінуі мүмкін және күндізгі жарықпен немесе жасанды жарықтандыру кезінде оларды қарайтын орынға байланысты реңкін өзгертуі мүмкін. Баспаханада басып шығарылған түсті үлгімен дұрыс салыстыру үшін, міндетті түрде түстерді көруге арналған арнайы кабинетті пайдалану керек.

Плоттерлік баспа кезінде түс беру өндірушінің маркасына және пайдаланылатын материалға байланысты болады, эталоннан қатты ерекшеленуі мүмкін. Түс үлгісіне ең жақын түстерді таңдаңыз.

## 2.5.1. Әртүрлі беттерде (тасығыштарда) брендті пайдалану қағидалары

---

### **Кәдесый өнімінде фирмалық символиканы салу технологиясы**

**Жібекбаспа, тампонды баспа, трафаретті баспа** – түрлі материалдарға, мысалы, маталарға, пластикке, винилге және т.б. материалдарға сурет түсірудің стандартты емес технологиялары. Өндіріс кезінде градиентті құймалар мен күңгірт түстерді пайдалануға шектеулер болуы мүмкін. Екі түсті баспа ұсынылады (2+0). Кәдесый өндірісі кезінде түстің эталонға сәйкес келмеу қаупі жоғары, сондықтан әрқашан түс үлгісі бойынша «сәйкестендіру» қажет – тапсырыстың басында фирмалық түстердің соңғы нәтижесіне сәйкес келуі үшін өнім берушіге Түс үлгісін беріңіз.

**Кестелеу, жапсыру, термокөшіру** – суреттерді матаға салу технологиясы көбінесе түсті дәл беруге мүмкіндік бермейді. Егер баламасы жоқ болса, Түс үлгісіне ең жақын түстерді таңдаңыз.

**Нақыштау, өрнектеу, конгрев** – әрлеу материалдары арқылы сурет түсіру технологиясы (металл, былғары және т.б.). Бұл жағдайда сурет түсіру материалға механикалық әсер етеді. Логотиптің монохромды нұсқасын пайдалану ұсынылады.

## 2.6. Логотипті орналастыру ережелері

### Қорғау өрісі

Nazarbayev University бренді нақты және танымал етіп жайғастыру үшін логотип бөлінген кеңістіктің ортасына орналастырылуы тиіс, ол басқа элементтерден барынша еркін болуы қажет.

Бос өріс шегінде мыналарға РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙДІ:

- мәтіндер, оның ішінде ұрандар мен кестелер;
- графика, оның ішінде фирмалық стиль жасаушы элемент;
- кез келген иллюстрациялар мен фотоматериалдар.



ЛОГОТИПТІҢ ПРОПОРЦИЯСЫН ӨЗГЕРТПЕҢІЗ!!!



### МАҢЫЗДЫ!

Кейбір жағдайларда (мысалы, co-branding логотипін пайдалану) логотиптің бос өрісін үлкейту немесе кішірейту қажет. Осы жағдайлардың әрқайсысы корпоративтік брендтің фирмалық стилін сақтауға жауап беретін Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаментімен келісілуі қажет.

## 2.7. Корпоративтік қаріп

---

### Қаріптерді пайдаланудың негізгі қағидаттары

Prata және Inter фирмалық қаріптері Университет ішіндегі макет дизайнын жасау үшін, жарнама бөлімдері мен серіктестердің материалдары мен кәдесый өнімдерінің макеттерінде қолданылуы керек.

Ағымдағы жұмыста, презентацияларды рәсімдеу кезінде және ішкі құжат айналымында Arial және Times New Roman жүйелі қарпін пайдалану керек.

# Prata Regular

### Титулдық

Тақырыптар мен ұрандарды теру үшін

# Inter Bold

### Акценттік

Негізгі мәтін ішіндегі басты сөздерді теру үшін

# Inter Regular

### Мәтіндік

Негізгі мәтін блоктарын теру үшін

### Университет қаріптері

Қаріп әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды:

### Десктоп

.otf .ttf

### Веб

.woff

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады:



 [NU / Files / Font](#)

## 2.8. Кобрендинг. Бірнеше логотиптерді бір-біріне жақын орналастыру

---

Имидждік немесе жарнамалық тасымалдауышта басқа логотипті пайдалану кезінде жоғарғы сол жақ бұрышта Nazarbayev University логотипі әрқашан басым орынға ие болады.

Кейбір жағдайларда басқа 3 бұрышқа орналастыруға болады.



### МАҢЫЗДЫ!

Логотиптің түсі тасымалдауыштың фонына байланысты.  
Ең бастысы фирмалық түстерді пайдалану.

## 2.8. Кобрендинг. Бірнеше логотиптерді бір-біріне жақын орналастыру

---

Университеттің логотипі еншілес немесе басқа ұйымның логотипінің сол жағында орналастырылады



## 2.9. Университеттің фотостилі

---

Университеттің ландшафттары мен ғимараттарының жарқын және статикалық панорамалары ғимараттың ауқымын көрсетеді.

Тегіс көкжиек сызығы, алдыңғы түсірілім, ашық түстер — мұның бәрі фотосуретке тән әдіс болуы керек.



## 2.9. Университеттің фотостилі

Назарбаев Университеті фотосуреттерінің басты кейіпкерлері – талантты жастар – біздің студенттеріміз. Олар бүкіл қоғам үшін жасап жатқан игі істеріміздің бейнесі. Фотосуретті қараған кезде фотосуреттегі кейіпкердің Назарбаев Университетіндегі өміріне асқан ризашылықпен, болашағына нық сеніммен қарайды деген ой қалыптасады. Композициялық тұрғыдан алғанда, кейіпкердің бойындағы позитив пен сенімділік ерекше көрсетіледі – көбінесе кеудесінен немесе белінен жоғары алынады, жүзінде күлкісі болады және камераға тура қарап тұрады. Фотосуреттің кейіпкері өмірге риза, жылы шырайлы, жайдары. Ол әрдайым өзінің әдеттегі жұмыс/оқу/ өмір кеңістігінің аясында ұсынылады. Топтық фотосуреттер репортажды түсірілім жанрында жасалуы тиіс: бейнелер табиғи болуы керек, қатты көзге түспеу қажет, серпінді және қарқынды көңіл-күй сыйлап, НУ-дың университеттік және студенттік ортасының көптілділігі мен көпмәдениеттілігін көрсете алуы тиіс.



## 2.10. Логотиптерді дұрыс қолданбау

---

Логотип рұқсат етілген графикалық шешімдерде ғана пайдаланылуы мүмкін. Бұл шешімдердің кез келген ауытқулары мен өзгерістері танымалдыққа ғана емес, сондай-ақ визуалды бейнеге және брендтің жалпы имиджіне, сондай-ақ брендпен байланысты компаниялардың имиджі мен деңгейіне де теріс әсер етеді.



### **МАҢЫЗДЫ!**

Брендті визуалды сәйкестендірудің аса маңызды құралдарын, яғни, логотип пен фирмалық блокты дұрыс пайдалануға барынша назар аудару қажет

## 2.10. Логотиптерді дұрыс пайдаланбау

Түстерді қолдану ретін өзгертуге тыйым салынады



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

Белгінің айналасын жиектеуге, сондай-ақ белгіге немесе оның құрамдас бөліктеріне көлеңке әсерін қолдануға тыйым салынады



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

Логотиптің түсін өзгертуге тыйым салынады



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

Қорғау өрістерін бұзатын рамкалар мен өзге де графикалық элементтерді қолдануға тыйым салынады



Элементтердің пропорцияларын өзгертуге, белгінің жекелеген элементтерін ұлғайтуға немесе азайтуға тыйым салынады



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

Символ мен логотиптің кез келген басқа өзара орналасуына тыйым салынады.



## 2.10. Логотиптерді дұрыс пайдаланбау

Символ мен логотип арасындағы қашықтықты өзгертуге тыйым салынады



Логотипте қаріпті жазуды өзгертуге тыйым салынады



Белгінің пропорцияларын бұрмалауға (созуға және сығуға) жол берілмейді



Логотипті негізгі бренд құрамына кірмейтін түстердің фонында орналастыруға тыйым салынады



Логотиптің пішінін бұрмалауға, перспективаны және өзге де арнайы әсерлерді қолдануға тыйым салынады




Логотипті біртекті емес түс аясында және градиент құймаларында орналастыруға тыйым салынады



## 2.10. Логотиптерді дұрыс пайдаланбау

Логотипті фотосуреттер, иллюстрациялар фонында, сондай-ақ қандай да бір графикалық элементтерде контрасты ескерусіз орналастыруға тыйым салынады



# Nazarbayev University ұйымдарының брендтері





# NAZARBAYEV UNIVERSITY

Мектептер

НУ-дың еншілес  
брендтері



## 3.1. Nazarbayev University еншілес ұйымдары брендтерінің құрылымы

Университет саббрендiнiң логотипi еншiлес ұйымның атауы бар бас брендтiң элементтерiнен тұрады.

Графикалық символ

Графикалық жазылуы



### Мектеп логотиптерінің файлдары

Логотип әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды:

#### Векторлық формат

.ai .eps

#### Растрлық формат

JPG немесе PNG

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады:

 [NU / Files / Logo / Subbrands](#)

## 3.1. Логотипті орналастыру ережелері

### Қоршау өрісі

Nazarbayev University брендінің анық берілуі және танымал болуы үшін логотип басқа элементтерден бос кеңістік ортасында орналастырылуы тиіс.

Бос өрісте:

- мәтіндерді, соның ішінде ұрандар мен кестелерді;
- графика, соның ішінде фирмалық стильді құрайтын элементтерді (суперграфика);
- кез келген иллюстрациялар мен фотоматериалдарды

**ОРНАЛАСТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ.**



ЛОГОТИПТИҢ ПРОПОРЦИЯЛАРЫН ӨЗГЕРПЕҢІЗ!!!



### МАҢЫЗДЫ!

Кейбір жағдайларда (мысалы, логотипті sobbranding пайдалану) логотиптің бос өрісін ұлғайту немесе кішірейту қажет. Осы жағдайлардың кез келгенін корпоративтік брендтің фирмалық стилінің сақталуына жауапты Маркетинг және БАҚ-пен жұмыс жүргізу департаментімен келісу қажет

## 3.1.1. Логотиптің ең кіші көлемі

---

50-тен 25 мм-ге дейін пайдалану кезіндегі  
логотипті сызудың\*\* көлденең нұсқасы \*



50 mm



25 mm

\* 50 мм-ден кем көлденең пайдалану кезіндегі жазуды сызу нұсқасы

\*\* Логотипті сипатталған мөлшерден кішірейткен кезде жазусыз  
белгі ғана пайдаланылады

## 3.1.2. НУ еншілес ұйымдарының логотиптері

---



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

UNIVERSITY SERVICE  
MANAGEMENT



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

FACILITY CONSTRUCTION  
DIRECTORATE



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

NATIONAL CONSERVATION  
INITIATIVE



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

NATIONAL  
LABORATORY ASTANA



NAZARBAYEV  
UNIVERSITY

SOCIAL  
DEVELOPMENT FUND

## 3.2. Nazarbayev University мектептері гербінің құрылымы

Университет мектебінің гербі әр мектептің шеңбер ішінде фирмалық белгісі бар жүйемен жасалған. Мектептің гербін тек қана Университет имиджінің тұтастығы үшін Nazarbayev University логотипімен пайдалануға болады.

Университеттің логотипі



**NAZARBAYEV  
UNIVERSITY**

Мектептің атауы

Мектептің белгісі



### Мектептер гербінің файлдары

Гербі әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды:

#### Векторлық формат

.ai .eps

#### Растрлық формат


JPG немесе PNG

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады

 [NU / Files / Logo / Schools](#)

## 3.2. Мектептердің гербі


---




## 3.2.1. Университет мектептері гербінің түс гаммасы



CMYK 0 28 91 0  
RGB 250 189 53  
HEX fabd35




CMYK 75 0 30 0  
RGB 0 178 186  
HEX 00b2ba




## 3.2.1. Университет мектептері гербінің түс гаммасы




CMYK 48 3 0 0  
RGB 141 206 241  
HEX 8dcef1



GRADUATE  
SCHOOL  
OF EDUCATION



CMYK 0 72 54 0  
RGB 234 103 101  
HEX ea6765




## 3.2.1. Университет мектептері гербінің түс гаммасы




CMYK 28 38 49 17  
RGB 171 143 120  
HEX ab8f78



GRADUATE  
SCHOOL OF  
BUSINESS



CMYK 22 17 18 1  
RGB 207 205 204  
HEX cfcfcc




## 3.2.1. Университет мектептері гербінің түс гаммасы




CMYK 1 63 97 0  
RGB 235 118 39  
HEX eb7627





CMYK 11 19 76 1  
RGB 232 199 92  
HEX e8c75c



SCHOOL OF  
ENGINEERING AND  
DIGITAL SCIENCES



SCHOOL OF  
ENGINEERING AND  
DIGITAL SCIENCES




## 3.2.1. Университет мектептері гербінің түс гаммасы



CMYK 68 0 30 0  
RGB 70 185 188  
HEX 46b9bc



CMYK 100 93 30 15  
RGB 40 48 98  
HEX 283062





## 3.2.1. Университет мектептері гербінің түс гаммасы



CMYK 0 72 53 0  
 RGB 234 103 103  
 HEX ea6767





CMYK 34 34 47 11  
 RGB 187 158 132  
 HEX bb9e84




## 3.2.1. Университет мектептері гербінің түс гаммасы



CMYK 27 87 24 8  
RGB 178 61 113  
HEX b23d71



CMYK 0 44 80 0  
RGB 244 160 74  
HEX f4a04a



## 3.2.1. Университет мектептері гербінің түс гаммасы



CMYK 80 12 71 0  
RGB 35 155 108  
HEX 239b6c



CMYK 0 61 96 0  
RGB 237 123 41  
HEX ed7b29



## 3.2.2. Университет мектептерінің гербі бар тулар

Бұл бетте Университет мектептерінің гербі бар тулар ұсынылған. Тудың жоғарғы жағында Университеттің логотипі, төменгі жағында Мектептің логотипі өзінің негізгі түсі аясында орналасқан.



# Іскерлік баспа өнімі



## 4.1. Визитка



### Университеттің визиткалары

Визитка әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды.

### Редакциялау үшін

.ai .cdr

### Басып шығару үшін

.pdf

### Техникалық сипаттамалары

Тығыздығы 300 гр/м<sup>3</sup> күңгірт Colotech қағазына 4+4 басып шығару

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады:

 NU / Files / Business card

## 4.1. Визитка



### Университеттің визиткалары

Визитка әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды.

### Редакциялау үшін

.ai .cdr

### Басып шығару үшін

.pdf

### Техникалық сипаттамалары

Тығыздығы 300 гр/м<sup>3</sup> күңгірт Colotech қағазына 4+4 басып шығару

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады:

 NU / Files / Business card

## 4.2. Стандартты бланк



### Университеттің корпоративтік бланкілері

Бланк әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды.

### Редакциялау үшін

.ai .cdr

### Басып шығару үшін

.pdf

### Техникалық сипаттамалары

Тығыздығы 120 гр/м<sup>3</sup> күңгірт Colotech қағазына 4+0 басып шығару

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады:

 [NU / Files / Letterhead](#)

## 4.2. Шешімнің бланкісі



### Университеттің корпоративтік бланкілері

Бланк әртүрлі форматта қол жетімді. Қажетті тапсырма үшін дұрыс форматты таңдау маңызды.

### Редакциялау үшін

.ai .cdr

### Басып шығару үшін

.pdf

### Техникалық сипаттамалары

Тығыздығы 120 гр/м<sup>3</sup> күңгірт Colotech қағазына 4+0 басып шығару

Файлдарды мына папкадан жүктеп алуға болады:

 [NU / Files / Letterhead](#)